

## ЖАҢА ЗАМАН

## Білім мен біліктің дәуірі

**Білім беру жолында міндетті түрде тәрбие тұрады, өйткені екеуі егіз, үнемі қатар жүреді. Бәрімізге аян, адам баласы туғаннан үздіксіз тәрбие құшағында болатынын, туғаннан игерген білім, білік, дағдылары біртіндеп қолданыстан шығып, оның орнына жаңадан білім, білік, дағды қалыптаса бастайтындығы. Жастардың өз бойына адами қасиеттерді сіңіруі, олардың ой-санасына, білім мен тәрбие көлемінің толысуына байланысты өмірге деген көзқарасы, болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге өз ойларын білдіруі, ненің оң, теріс екендігіне баға бере алуы. Бұл жастардың алға қарай ұмтылуын білдіреді, бір жағынан бұл заңды құбылыс деп те айтуға болады.**



**Айна АЙДАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ**  
**экономика ғылымдарының**  
**кандидаты, профессор,**  
**Шымкент қаласы**

Өзіміз тәрбиелеп отырған студент жастарымызға ең тән қасиет – ақыл, ес, яғни өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап, бағалауға бейім тұруы. Негізінен адам баласы туғанынан биологиялық және әлеуметтік бағытта тіршілік етеді. Алдымен, биологиялық тіршілік иесі болып танылады да, одан соң әлеуметтік бағыт жал-

ғасады. Осы екі бағыт бірлесіп, «адам» деген атты береді. Бұл деп отырғанымыз, биологизаторлық бағыт, яғни адамның дамуы оның табиғи (биологиялық) жетілумен байланысты, соның барысында оның дене құрылымы мен рухани қасиеттері қалыптасады. Жастарды тәрбиелейтін ортаның ең маңыздысы – әлеуметтік тәрбие, бұл деп отырғанымыз өздері білім алып отырған «университет тәрбиесі». Жоғары оқу орнының қабырғасында студент әрі білім алады, әрі тәрбиеленеді. Студент болып қабылданған алғашқы күннен бастап-ақ, оларды топтарға бөліп, әр топқа атау беріледі. Осы топқа жиналған студенттерге арнайы тәлімгерлер (куратор) тағайындалады. Бекітілген тәлімгерлер білім бере жүріп, тәрбие жұмысын да қоса жүргізеді. Топ тәлімгерлері мен топ студенттері бірлесе отырып М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жоспары негізінде әр топтың өз тәрбие жоспарын құрады.

Осы жоспар бойынша тәлімгер мен топ студенттері, белгіленген

кесте бойынша тәлімгерлік сағаттар жүргізіп отырады. Жастардың тұлғалық дамуының негізгі өлшемдері – оның жалпы адами құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздігі болып табылады. Осындай қасиеттердің даму деңгейі жастардың әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп айтуға болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, дүниетанымына, ұлттық қасиеттеріне қатысы бар, бұрын соңды жарияланбаған немесе саясатқа қайшы деп кезінде жауып тастаған туындылар мен шығармалардың беті ашылды. Ұлттық сана-сезім қайта жаңғырып, жаңаша рухани көтерілу үдерісі басталды. Білім беру, тәрбие мәселелеріне көзқарастар мен талаптар өзгерді, нәтижесінде жаңа идеялар дүниеге келді. Университет, институт ұжымдары тәжірибелі ұстаздарды, шығармашылық одақтар өкілдерін және ұлттық мектеп тағдырына ат салысқан танымал ғалымдарды бірлестіре отырып, дербес мем-

лекетіміздің жаңа мектебінің жобасын, тұжырымдамасын жасауға, мектептегі, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие жұмысына халықтық педагогика үлгілерін енгізуге бағытталған түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алды. Осындай іс-әрекеттер барысында көтерілген рухани мәселе адамның санасын күрт өзгертті, осындай өзгерістер қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы ретінде саналуда.

Биыл тұғырлы тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласының соңғы төртінші бөлімі «Ұлағат пен ұстаным» деп аталып, азаматтық қоғамды дамыту мен саяси реформаларды жалғастыруға арналады. Білім мен біліктің дәуірі – XXI ғасырда қазақ халқы да технологиядан қалыспай, әр адам өзін жетілдіріп, жаңа кәсіпті игеріп, ел дамуының басты қозғаушы күші болуы тиіс. Ал ондай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті. Президент талантты, талапты буынға сенім артып отыр. Ал басты ұран «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген ұғым болмақ.